

Ертіс ауданының ауыл, ауылдық округ әкімдері аппараттары мемлекеттік мекемелері көрсететін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы N 606/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 қаңтарда N 3397 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 19 маусымдағы N 295/5 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 19.06.2013 N 295/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745 қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызметті сапалы көрсету мақсатында Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қ о с а б е р і л г е н д е р :

- 1) "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті;
 - 2) "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламенті;
 - 3) "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті
- б е к і т і л с і н .**

2. Ертіс ауданының ауыл және ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік қызметті уақытында және сапалы көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің ауылшаруашылығы жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Шұғаев

Е р т і с

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 8

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 6 0 6 / 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2318 қаулысымен бекітілген "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" стандарты (әрі қарай - Стандарт) сәйкес дайындалды.

Шалғай орналасқан елді мекендердегі тұрғындардың мемлекеттік қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік қызметтерді Мобильді орталықтары арқылы көрсетуге жол беріледі.

2. Мемлекеттік қызмет Ертіс ауданы ауыл және ауылдық округтері әкімдерінің аппараттары мемлекеттік мекемелерімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша демалыс пен мереке күндерін қоспағанда аптасына бес күн сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін ұсынылады.

Сондай-ақ балама негізінде Ертіс ауылы, И.Байзақов көшесі, 14 мекен-жайы бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы ұсынылады (әрі қарай - о р т а л ы қ) .

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны – автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама (қағаз жеткізгіште) не мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) к ө р с е т і л е д і .

6. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты уәкілетті орган ғимаратында, орталықта орналасқан стенттерден алуға болады.

7. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат Ертіс ауданы әкімдігі ресми сайтында www.enbek.gov.kz орналасқан.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет өтініш берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні і ш і н д е к ө р с е т і л е д і ;

2) өтініш беруші өтініш берген күні көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі күтудің ең жоғары шекті уақыты – 10 (он) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең жоғары шекті уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушыға өзі, немесе сенімхат негізінде әрекет ететін сенімді өкіл келгенде ұсынылады.

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызметті алушы стандарттың 11-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде мемлекеттік қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қ о л х а т б е р і л е д і , о н д а :

- 1) сұранымды қабылдау нөмірі және күні;
- 2) сұратылған мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны және атауы;
- 4) мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру күні (уақыты) және орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіледі.

13. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушының құжат мазмұны туралы ақпараттарды сақтау, қорғау және құпияда сақтау қажет.

14. Стандарттың 16-тармағында қарастырылған жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға тікелей өтініш беруі кезінде мынадай құрылымдық-функционалды бірліктер қатысады:

- 1) уәкілетті органның маманы;
- 2) ауылдық және ауылдық округтің әкімі.

16. Осы регламенттің 2-қосымшасында әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір құрылымдық-функционалды бірліктер қарапайым іс-әрекеттер (рәсімдер) реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

17. Осы регламенттің 3-қосымшасында олардың сипаттамасына сай іс-әрекеттердің қисынды реттілігі (мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) мен құрылымдық-функционалды бірліктер арасындағы өзара байланысты көрсететін нобайы ұсынылған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына мемлекеттік қызмет көрсету барысында олардың шешім қабылдау мен әрекетімен (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жауапкершілік жүктеледі.

"Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

Ертіс ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының тізбесі

р/с N	Ауылдық округі әкімі аппаратының толық атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Заңды мекен жайы	Сайт мекен жайы
1	"Голубовка ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Голубовка ауылы	(871832) 25333	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Голубовка ауылы, Целинная көшесі, 20	жоқ
2	"Амангелді ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Амангелді ауылы	(871844) 29630	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Амангелді ауылы, Юрий Половых көшесі, 2	жоқ
3	"Ағашорын ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ағашоры ауылы	(871844) 29334	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ағашорын ауылы, Богенбай көшесі, 7	жоқ
4	"Байзақов ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Байзақов ауылы	(871832) 24277	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Байзақов ауылы, Николаева көшесі, 9	жоқ
5	"Қосағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қосағаш ауылы	(871832) 41430	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қосағаш ауылы, Аблайхан көшесі, 1	жоқ
6	"Ертіс ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы	(871832) 21182, 22782, 21271	Павлодар облысы, Ертіс ауылы, Богенбай көшесі, 97	жоқ
7	"Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауылы	(871832) 27130	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылжар ауылы, Комсомольская көшесі, 17	жоқ
8	"Қоскөл ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қоскөл ауылы	(871832) 40143	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қоскөл ауылы, Мира көшесі, 1	жоқ
9	"Қаракұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қаракұдық ауылы	(871832) 27541	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қаракұдық ауылы, Бағустар Рамазанов көшесі, 27	жоқ

10	"Қызылқак ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылқак ауылы	(871844) 26517	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылқак ауылы, Ленина көшесі, 12	жоқ
11	"Ленин ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ленин ауылы	(871844) 29132	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ленин ауылы, Целинная көшесі, 1	жоқ
12	"Луговой ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Луговой ауылы	(871832) 27749	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Луговой ауылы, Жамбыл көшесі, 1	жоқ
13	"Майкопыр ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Майкопыр ауылы	(871832) 29223	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Майкопыр ауылы, Дзержинский көшесі, 12	жоқ
14	"Панфилов ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Панфилов ауылы	(871832) 27330	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Панфилов ауылы, Горобца көшесі, 1а	жоқ
15	"Северный ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Северный ауылы	(871832) 29515	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы, Садовая көшесі, 60	жоқ
16	"Сілеті ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Сілеті ауылы	(871832) 26369	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Сілеті ауылы, Школьная көшесі, 2	жоқ
17	"Токта ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Токта ауылы	(871832) 40034	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Токта ауылы, Центральная көшесі, 5	жоқ
18	"Ұзынсу ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ұзынсу ауылы	(871832) 41317	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ұзынсу ауылы, Ленина көшесі, 4	жоқ

"Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламентіне 2-қосымша


Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің іс-әрекеті (барысы, жұмыс ағыны)				
1.	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) N	1	2	3
2.	Құрылымдық-функционалдық бірліктердің атауы	Уәкілетті органның маманы	Ауылдың немесе ауылдық округтің әкімі	Уәкілетті органның маманы
3.		өтінішті тіркеу, шаруашылық кітабы	Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсыну-дан бас тарту туралы	Шығыс құжат айналымы журналына тіркеу

	Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	бойынша мәліметтерді тексеру	дәлелді жауапқа немесе анықтамаға қол қою	
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімгерлік шешім)	Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты жазу немесе анықтаманы толтыру және қол қоюға жіберу	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап	Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап немесе анықтама беру
5.	Орындалу мерзімдері	10 минуттан аспайды	5 минуттан аспайды	5 минуттан аспайды

" Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламентіне 3-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы анықтама беру үдерісінің сызбасы



Е р т і с а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2012 жылғы 28 желтоқсандағы
N 606/5 қаулысымен
бекітілген

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) осы регламенттің (бұдан әрі - регламент) 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайы бойынша "Ертіс ауданы ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, кентінің, ауылдары мен селолық округтер әкімдерінің аппараттарының (бұдан әрі - уәкілетті орган) ветеринарлық дәрігерлерімен (бұдан әрі - ветдәрігер) ұ с ы н ы л а д ы .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 12) тармақшасына, 10 бабының 2 тармағының 20) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы" N 2331, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына (бұдан әрі – стандарт) өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы с т е н д т е р д е о р н а л а с қ а н .

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі - жануарға ветеринариялық паспортты (ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісін) (бұдан әрі – паспорт) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) к ө р с е т і л е д і .

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) жануарға жеке нөмір берілген сәттен немесе оны беруден бас тартудан бастап жануарға ветеринариялық паспорты (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді беру) беру мерзімі - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2) жануар иесі жануарға ветеринариялық паспорттың жоғалғаны туралы өтініш берген күнінен бастап жануарға ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын беру мерзімі - 10 (он) жұмыс күн ішінде;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғары рұқсат етілетін уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

4) мемлекеттік қызметті алушыға ең жоғары рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты - 40 (қырық) минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы жүзеге асырылады (жануарға ветеринариялық паспорттың бланкісін беру). Тұтынушы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын екінші деңгейге банктер немесе ұйымдар арқылы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша анықталған бланктің қ ұ н ы н т ө л е й д і .

9. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда жұмыс күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды ұсынады:

Жануарға ветеринариялық паспортты алу үшін тұтынушы жануарға ветеринариялық паспорттың бланкісінің құнын төлегенін растайтын құжатты береді. Бұдан басқа, жануарда - жануарға берілген бірдейлендіру нөмірі болуы қ а ж е т .

Ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын және (ветеринариялық паспорттан үзіндіні) алу үшін тұтынушы:

- 1) еркін нысандағы жазбаша өтініш;
- 2) жануардың ветеринариялық паспортының жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттар (болған жағдайда) қоса береді.

11. Тұтынушы жануарға ветеринариялық паспортты алу үшін осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша уәкілетті органның ветдәрігеріне жүгінеді.

Жануарға ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) алу үшін тұтынушы осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша уәкілетті органға өтініш ж а с а й д ы .

Жануарға ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) алу үшін жүгінген кезде тұтынушының өтініші тіркеу журналында тіркеледі және тұтынушы мемлекеттік қызметті алған

күні мен уақыт, мерзімі мен орнын көрсетілген талон беріледі.

12. Жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттың түпнұсқасы, жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) жануар иесінің жеке өзі не оның өкілі келген кезде беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға жануарға берілген бірдейлендіру нөмірі болмауы негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекет) тәртібі

14. Құжаттарды қабылдауды осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның ветдәрігерлері жүргізеді.

15. Мемлекеттік қызмет тұтынушысының өтініші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналында, тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні көрсетіліп тіркеледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады: осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның ветеринариялық дәрігерлері.

17. Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір құрылымдық-функционалдық бірліктер әкімшілік әрекеттерінде (рәсімдерінде) өзара әрекеттестіктің кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамалары осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес келтірілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету және құрылымдық-функционалдық бірліктер үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық кезектілігі арасындағы өзара байланысты бейнелейтін сызба осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

19. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру"
мемлекеттік қызмет регламенті
1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі уәкілетті органдардың тізімі

р/с N	Ауылдық округі әкімі аппаратының толық атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Заңды мекен жайы	Сайт мекен жайы
1	"Голубовка ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Голубовка ауылы	(871832) 25333	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Голубовка ауылы, Целинная көшесі, 20	жоқ
2	"Амангелді ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Амангелді ауылы	(871844) 29630	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Амангелді ауылы, Юрий Половых көшесі, 2	жоқ
3	"Ағашорын ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ағашоры ауылы	(871844) 29334	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ағашорын ауылы, Богенбай көшесі, 7	жоқ
4	"Байзақов ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Байзақов ауылы	(871832) 24277	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Байзақов ауылы, Николаева көшесі, 9	жоқ
5	"Қосағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қосағаш ауылы	(871832) 41430	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қосағаш ауылы, Аблайхан көшесі, 1	жоқ
6	"Ертіс ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы	(871832) 21182, 22782, 21271	Павлодар облысы, Ертіс ауылы, Богенбай көшесі, 97	жоқ
7	"Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауылы	(871832) 27130	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылжар ауылы, Комсомольская көшесі, 17	жоқ
8	"Қоскөл ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қоскөл ауылы	(871832) 40143	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қоскөл ауылы, Мира көшесі, 1	жоқ
9	"Қарақұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қарақұдық ауылы	(871832) 27541	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қарақұдық ауылы, Бағустар Рамазанов көшесі, 27	жоқ
10	"Қызылқак ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылқак ауылы	(871844) 26517	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылқак ауылы, Ленина көшесі, 12	жоқ
11	"Ленин ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ленин ауылы	(871844) 29132	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ленин ауылы, Целинная көшесі, 1	жоқ
12	"Луговой ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Луговой ауылы	(871832) 27749	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Луговой ауылы, Жамбыл көшесі, 1	жоқ
13	"Майконыр ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Майконыр ауылы	(871832) 29223	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Майконыр ауылы, Дзержинский көшесі, 12	жоқ
14	"Панфилов ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Панфилов ауылы	(871832) 27330	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Панфилов ауылы, Горобца көшесі, 1а	жоқ

15	"Северный ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Северный ауылы	(871832) 29515	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы, Садовая көшесі, 60	жоқ
16	"Сілеті ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Сілеті ауылы	(871832) 26369	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Сілеті ауылы, Школьная көшесі, 2	жоқ
17	"Токта ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Токта ауылы	(871832) 40034	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Токта ауылы, Центральная көшесі, 5	жоқ
18	"Ұзынсу ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ұзынсу ауылы	(871832) 41317	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ұзынсу ауылы, Ленина көшесі, 4	жоқ

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламенті 2-қосымша

1-кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекетіне сипаттама Тұтынушы өтінген жағдайда жануарға ветеринариялық паспорт (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) беру

1	Әрекет N(барысы, жұмыс ағымы)	1	2	3
2	құрылымдық-функционалдық бірліктер атауы	Уәкілетті органның ветдәрігері	Уәкілетті органның ветдәрігері	Уәкілетті органның ветдәрігері
3	Әрекет (процесс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	Регламенттің 10-тармағында көрсетілген тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу және өтінішті тексеру	Жануарға ветеринариялық паспортты (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) дайындау	Жануарға ветеринариялық паспорт (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) беру журналына тіркеу. Тұтынушыға дайын құжатты беруге дайындау
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімдер)	Құжаттарды қабылдау	Жануарға ветеринариялық паспорт (жануардың ветеринариялық паспортынан үзінді) қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күні	40 минуттан аспайды


2-кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекетіне сипаттама Жануардың ветеринариялық паспортының түпнұсқасын алуға тұтынушы өтінген жағдайда

1	Әрекет N(барысы, жұмыс ағымы)	1	2	3
2	Құрылымдық-функционалдық бірліктер атауы	Уәкілетті органың ветдәрігері	Уәкілетті органың ветдәрігері	Уәкілетті органың ветдәрігері


3	Әрекет (процесс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	Регламенттің 10-тармағында көрсетілген тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу және өтінішті тексеру	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарастыру	Жануарға ветеринариялық паспорт беру журналына тіркеу. Тұтынушыға дайын құжатты беруге дайындау
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімдер)	Құжаттарды қабылдау	Жануардың ветеринариялық паспортының түпнұсқасы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	8 жұмыс күні	40 минуттан аспайды

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламенті
3-қосымша

**Уәкілетті органға өтініш білдіргенде
мемлекеттік қызметті ұсыну 1-сызбасы
Жануарға ветеринариялық паспорт беру жануардың
(ветеринариялық паспортынан үзінді) беру**



**Уәкілетті органға өтініш білдіргенде
мемлекеттік қызметті ұсыну 2-сызбасы
Жануардың ветеринариялық паспортының түпнұсқасы**



Е р т і с
2012 жылғы
N 606/5 қаулысымен
бекітілген

ауданы

28

әкімдігінің
желтоқсандағы

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметін осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша "Ертіс ауданының

ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, кентінің, ауылдары мен селолық округтер әкімдерінің аппараттарының (бұдан әрі – уәкілетті орган) ветеринарлық дәрігерлерімен (бұдан әрі - ветдәрігер) ұсынылады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына (бұдан әрі – стандарт) өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы стандарттерде орналасқан.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі ветеринариялық анықтама (қағаздағы тасымалдағышта) (бұдан әрі – анықтама) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі (ветеринариялық анықтаманың бланкілерін беру). Тұтынушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижелері бойынша айқындалған бланктің құнын төлейді.

8. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет өтініш білдірген күні ішінде көрсетіледі;

2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі шектеулі рұқсат етілетін күту уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың шектеулі рұқсат етілетін уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда жұмыс күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі

10. уәкілетті орган алуға қажетті құжаттар және оларға қойылатын талаптар тізбесі:

1) жануарға ветеринариялық паспорт;
2) тері-жүн шикізатына, жануардың жеке нөмірі көрсетілген жапсырма
міндетті түрде қажет;

3) ветеринариялық анықтама бланкі құнын төлеуін растайтын құжат.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушы не оның өкілі тікелей жүгінген күні
көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

1) егер жануар, жануардан алынатын өнім және шикізат (бұдан әрі - объект)
қолайсыз аймақтан тасымалданған жағдайда;

2) жұқпалы сипаттағы ауру анықталғанда;

3) жануардың жеке нөмірі болмағанда;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының
ветеринарлық-санитарлық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі
негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекет) тәртібі

13. Құжаттарды қабылдауды осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген
уәкілетті орган бөлімшелерінің мал дәрігерлері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету тұтынушысының өтініші жеке және заңды
тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналында, тұтынушының мемлекеттік
қызметті алатын күні көрсетіліп ветдәрігермен тіркеледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі
құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады:

осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның
ветеринариялық дәрігерлері.

16. Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір
құрылымдық-функционалдық бірліктер әкімшілік әрекеттерінде (рәсімдерінде)
өзара әрекеттестіктің кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамалары осы
регламенттің 2-қосымшасына сәйкес келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету және құрылымдық-функционалдық бірліктер
үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық кезектілігі арасындағы өзара
байланысты бейнелейтін сызба осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес
келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

"Ветеринариялық анықтама беру"
 мемлекеттік қызметінің регламентіне
 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі уәкілетті органдардың тізімі

р/с N	Ауылдық округі әкімінің аппаратының толық атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Занды мекен жайы	Сайт мекен жайы
1	"Голубовка ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Голубовка ауылы	(871832) 25333	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Голубовка ауылы, Целинная көшесі, 20	жоқ
2	"Амангелді ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Амангелді ауылы	(871844) 29630	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Амангелді ауылы, Юрий Половых көшесі, 2	жоқ
3	"Ағашорын ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ағашорын ауылы	(871844) 29334	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ағашорын ауылы, Богенбай көшесі, 7	жоқ
4	"Байзақов ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Байзақов ауылы	(871832) 24277	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Байзақов ауылы, Николаева көшесі, 9	жоқ
5	"Қосағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қосағаш ауылы	(871832) 41430	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қосағаш ауылы, Аблайхан көшесі, 1	жоқ
6	"Ертіс ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы	(871832) 21182, 22782, 21271	Павлодар облысы, Ертіс ауылы, Богенбай көшесі, 97	жоқ
7	"Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауылы	(871832) 27130	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылжар ауылы, Комсомольская көшесі, 17	жоқ
8	"Қоскөл ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қоскөл ауылы	(871832) 40143	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қоскөл ауылы, Мира көшесі, 1	жоқ
9	"Қарақұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қарақұдық ауылы	(871832) 27541	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қарақұдық ауылы, Бағустар Рамазанов көшесі, 27	жоқ
10	"Қызылқақ ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылқақ ауылы	(871844) 26517	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Қызылқақ ауылы, Ленина көшесі, 12	жоқ
11	"Ленин ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ленин ауылы	(871844) 29132	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ленин ауылы, Целинная көшесі, 1	жоқ

12	"Луговой ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Луговой ауылы	(871832) 27749	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Луговой ауылы, Жамбыл көшесі, 1	жоқ
13	"Майкопыр ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Майкопыр ауылы	(871832) 29223	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Майкопыр ауылы, Дзержинский көшесі, 12	жоқ
14	"Панфилов ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Панфилов ауылы	(871832) 27330	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Панфилов ауылы, Горобца көшесі, 1а	жоқ
15	"Северный ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Северный ауылы	(871832) 29515	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы, Садовая көшесі, 60	жоқ
16	"Сілеті ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Сілеті ауылы	(871832) 26369	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Сілеті ауылы, Школьная көшесі, 2	жоқ
17	"Тоқта ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Тоқта ауылы	(871832) 40098, 40034	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Тоқта ауылы, Центральная көшесі, 5	жоқ
18	"Ұзынсу ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ұзынсу ауылы	(871832) 41317	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ұзынсу ауылы, Ленина көшесі, 4	жоқ

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламентіне 2-қосымша

1-кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекетіне сипаттама

1	Әрекет N(барысы, жұмыс ағымы)	1	2	3
2	Құрылымдық-функционалдық бірліктер атауы	уәкілетті органның ветдәрігері	уәкілетті органның ветдәрігері	уәкілетті органның ветдәрігері
3	Әрекет (процесс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	регламенттің 10-тармағында көрсетілгендей тұтынушымен ұсынылған құжаттар пакетін тексеру және қабылдау	Анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты толтыру	Анықтамалар беру журналына тіркеу. Тұтынушыға дайын құжатты немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімдер)	Құжаттарды қабылдау	Анықтамаға не бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	өтініш білдірген күні көрсетіледі	30 минуттан аспайды

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметінің регламенті 3-қосымша

Уәкілетті органға өтініш білдіргенде мемлекеттік қызметті ұсыну сызбасы

